

Тауарларды арнайы кеден режиміне орналастырудың тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 333 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 13 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2444. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 253-бабына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Тауарларды арнайы кеден режиміне орналастыру е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің баспасөз қызметі (А.А.Қоңлыбаева) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының бірінші орынбасары А.Қ. Ержановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төрағаның міндетін орындаушы

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі
2003 жылғы 16 шілдеде

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
2003 жылғы 2 шілдеде

К е л і с і л д і
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
2003 жылғы 3 шілдеде

К е л і с і л д і
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің төрағасы
2003 жылғы 17 шілдеде

К е л і с і л д і
Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық
ресурстар министрі
2003 жылғы 17 шілдеде

К е л і с і л д і
Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар жөніндегі
агенттігі төрағасы
2003 жылғы

К е л і с і л д і
Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда
министрі
2003 жылғы 16 шілдеде

К е л і с і л д і
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік материалдық
резервтер жөніндегі
агенттіктің төрағасы
2003 жылғы
"Тауарларды арнайы кеден режиміне
орналастырудың тәртібі туралы"
Қазақстан Республикасының Кедендік

бақылау агенттігі төрағасының
2003 жылғы 2 шілдедегі
N 333 бұйрығымен бекітілген

Тауарларды арнайы кеден режиміне орналастыру ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің (бұдан әрі - Кеден кодексі) 253-бабына сәйкес әзірленді және тауарларды мәлімделген арнайы кеден режиміне орналастыру тәртібін айқындайды.

2. Арнайы кеден режиміне орналастырылатын тауарлар

2. Арнайы кеден режиміне орналастыруға мынадай тауарлар жатады:

1) Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкетілетін және шетелдік мекемелер мен Қазақстан Республикасының өзге де ресми өкілдіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған тауарлар;

2) Қазақстан Республикасының кеден аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан Қазақстан Республикасының әскери мекемелері арасындағы кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар;

3) теңіз, әуе және теміржол көлігі түрлерімен тасымалданатын, көрсетілген көлік құралдарының қалыпты жұмыс істеуі мен оларға техникалық қызмет көрсетуге, олардың экипажы мен жолаушыларының өмір тіршілігіне арналған борттық запастар мен кеме қорлары;

4) кеден шекарасы арқылы өткізілетін және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше оқиғалардың алдын алу мен жоюға арналған тауарлар, оның ішінде төтенше оқиғалардың нәтижесінде зардап шеккен адамдарға тегін таратуға арналған, не коммерциялық емес қайырымдылық ұйымдарына беруге арналған тауарлар; құтқару авариялық-қалпына келтіру және басқа шұғыл жұмыстарды жүргізу мен табиғи және техногендік сипаттағы жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шараларға қатысатын азаматтық қорғаныс күштері үшін қ а ж е т т і та у а р л а р ;

5) аталған шикізаттың, не өнеркәсіптік өнімнің мүмкін болатын сұранысын айқындау мақсатында зерттеулер (сертификациялар) жүргізу үшін Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін шикізаттың, не өнеркәсіптік өнімнің үлгілері. Бұл ретте үлгі деп осындай зерттеулерді жүргізу үшін жеткілікті шикізаттың, не өнеркәсіп өнімінің ең аз мөлшері түсініледі.

3. Тауарларды арнайы кеден режиміне орналастыру үшін қажетті құжаттар

3. Арнайы кеден режимінің талаптарына сәйкес Кеден кодексінің 382-бабында көрсетілген құжаттарға қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

осы Ереженің 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тауарлар бойынша - тауарлардың нақты тізбесі көрсетіле отырып Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің растау хаты;

осы Ереженің 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тауарлар бойынша - тауарлардың нақты тізбесі көрсетіле отырып Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің растау хаты;

осы Ереженің 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тауарлар бойынша - тауарлардың көлік ұйымы куәландырған тізбесі;

осы Ереженің 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген тауарлар бойынша - тауардың тиістілігі көрсетіле отырып тауарға ілеспе құжаттар; тауарлардың нақты тізбесі көрсетіле отырып Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің, не Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің растау хаты;

осы Ереженің 2-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген тауарлар бойынша - тауарлардың әкетілу мақсатын растайтын құжаттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, не Қазақстан Республикасы индустрия және сауда министрлігінің шикізат үлгілерінің, не өнеркәсіптік өнімдердің ең аз қажетті мөлшері туралы қорытындысы.